

Тексерілді
Аманжол

ЖШС «Жас Батыр Атырау» балабақшасы

Ертеңгілік
тақырыбы: «Қош келдің Алтын күз!»
«Құлыншақ» кіші топ
19.10.2023ж.



Дайындаған: Шарипова А.Т.

Өткізген тәрбиеші: Утешева А.М

Атырау қаласы
2023 жылы

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді сахналандыру. Балаларды күз байлықтарымен, күзгі еңбекпен таныстыру. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Мерекелік көңіл күй сыйлау.

Кейіпкерлер: Күз ханшайымы, қоян, кірпі, бұлт.

Көрнекілік: видео-проектор, видео слайд «Күз», жасанды саңырауқұлақтар, сәбіздер, күн мен қолшатыр, жапырақтар.

Акт зал іші орман көрінісінде безендіріледі, күзгі суреттермен, мерекеге сай сарғайған жапырақтармен безендірілген, залға музыканың сүйемелдеуімен балалар кіреді.

Жүргізуші: Балалар, күзгі орманды көргілерің келе ме?

Балалар: Ия.

(Сол уақытта хат табылады. Күз ханшайымынан шақыру хабарламасы келеді). Балаларға аудио дындату.

Жүргізуші: Балаларбәріміз поезға отырып, орманға барайық.)

Би: «Паровоз»

Жүргізуші: Балалар, біз қайда келдік? Айналаға қарандаршы қандай әдемі, алуан–алуан жапырақтар шашылып жатыр. Біз орманға келдік, балалар!

Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл, жарқын жүз.
Сары алтынға малынған,
Жетті міне, алтын күз!

Міне,балалар,жерімізге күз келді. Бізді қонаққа шақырған Күз ханшасы қайда екен?

(музыка ойналып ортаға Күз ханшасы келеді.Қолында бір себет алма.)

Күз ханшасы: Алтын түске боялды,
Тау мен қырлар, дала,түз.
Келдім, міне ортаңа,
Менің атым-Алтын күз!

Сәлем менің достарым. Күзгі орманға қош келдіңдер! Осы жерде сендермен бірге күзгі мереке тойлайын.

Жүргізуші: Сәлематсыз ба,Күз ханшасы! Орман алтын түске боялып, өте әдемі боп тұр екен. Бізді қонаққа шақырғаныңа рахмет! Балалар, күз ханшасына рахмет айтайықшы.

Балалар: Рахмет!

Жүргізуші: Күз ханшасы, балалар сізге арнап ән айтады

Ән: «Күз, күз, кел, кел!»

Күз ханшасы: Орманды әдемі етіп тұрған қызыл,сары жапырақтарыммен би билейік.

Би: «Алуан алуан жапырақтар»

(би соңында Қоян келеді. Қолында сыпырғыш)

Қоян: Оой,ой,ой, осы жаңа сыпырып қойып едім мына жерді. Кім екен жапырақтарды шашып тастаған (деп балаларды сыпырып жүреді,балалар орындарына отырып қалады) (музыка ойналып балалар қайтадан билейді. Қоян сыпырғышын алып қайтадан келеді.)

Қоян: Ой, мыналар қайтеді есей, мен жинаймын, бұлар шашады. (деп тағы балаларды сыпырғышпен қуып қуып жібереді)

Күз ханшасы: Қоянжан, тоқта, олар менің қонақтарым. Менің әдемі жапырақтарыммен би билеп жүр.

Қоян: Ааа,солай ма, сәлематсындар ма,балалар! Күзгі орманға қош келдіңдер!

Жүргізуші: Күз ханшасы, қоян, біз де құр келген жоқпыз. Біздің балалардың өнерін тамашалаңыздар!

Балалардың такпақтар

Теміржан:

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді

Айлин:

Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

Томирис:

Келді міне күз!
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша!
Қандай әсем күз

Алима:

Көрініп еліме,
Күндері мереке
Келді ғой жеріме,
Күз дейтін мереке

Омар:

Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбыр - сыбыр түседі.

Дана:

Қуандырып біздерді
Мерекелі күз келді
Кел жемісті алтын күз
Кемелденсін халқымыз

Күз ханшасы: Жарайсындар,балалар!

Кірпі: Ой, мына жерде кімдер жүр. Сендер орманда нестеп жүрсіндер?

Жүргізуші: Сәлем Кірпі. Бізді Күз ханшасы қонаққа шақырды.

Кірпі: Солай ма, ендеше,орманға қош келдіңдер,балалар! Сәлематсыз ба, Күз ханшасы! А,қоян сен де осында екенсің ғой.

Қоян: Ия, Кірпі, мына балалар өте өнерлі ақылды балалар екен. Кел, екеуіміз балалармен ойын ойнайық. Балалар, мен сәбізді өте жақсы көремін. Бірақ, әлі сәбіз жинап үлгермедім. Маған сәбіз жинауға көмектесесіңдер ма?

Кірпі: Балалар, ал, маған саңырауқұлақ жинап бересіңдер ма?

Тәрбиеші: Әрине, балалар, қоян мен кірпіге көмектесеміз бе?
Балалар: Ия, көмектесеміз.

Ойын: «Саңырауқұлақ пен сәбіз жина»

Кірпі: Жарайсыңдар, балалар! Рахмет сендерге. Қоян, ана жақта тиіндер жаңғақтарды бір-біріне лақтырып, шашып жатыр еді.

Қоян: Қап, мына тиіндерді нестесем екен, аа? Балалар, тиіндер жаңғақ шашып тастапты, мен барып соны жинайын. Сендер өте өнерлі, ақылды бала екенсіңдер мына жерді шашпандар, жарай ма?! Сау болыңдар!

Балалар: Жарайды, сау бол, Қоян!

Кірпі: Жарайсыңдар, балалар, рахмееет! Енді үнемі тойып жүретін болдым ғой.

Жүргізуші: Кірпі, біздің балалар өнерлі, биін қабыл ал.

Би: «Саңырауқұлақтар»

Кірпі: Ой, жарайсыңдар, балалар! Керемет биледіңдер! Мен кетейін, қоянға көмектесейін. Сау болыңдар!

Күз ханшасы: Жарайсыңдар, балалар! Тағы қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші: Қане, балалар, өнерімізді ортаға салайық.

Балалардың тақпақтары

Инжу:

Көрініп еліме,
Күндері мереке
Келді ғой жеріме,
Күз дейтін мереке

Адина:

Сарғайды тоғай,
Сап - сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Медина:

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық – ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық – ау.

Алихан И.:

Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Нұрислам:

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шаштық та,
Қап - қап қауын алдық біз.

Ән: «Жаңбыр жауды тук тук»

«Күн суытты далада» қимылды би

(Балалар отырады, күн күркіреген, тарсылдаған жаңбырдың дауысы естіледі)

Жүргізуші: Ой, балалар! Бұл ненің даусы?

Балалар әртүрлі жауап береді

Күз ханшасы: Жаңбыр жауайын деп тұр ау деймін, алыстан қара бұлт келеді
(деп қолын маңдайына қойып жоғары қарайды) (залға бұлт кіреді)

Бұлт: Күзгі көк бұлт мен болам

Көтеріліп теңізден,

Аспанға биік барамын

Қаласам қазір сендерге

Жаңбыр болып жауамын.

(Балаларға баклажкамен су шашады).

Жүргізуші: Жаңбыр, жаумай тоқтай тұр,

Дабылыңды соқпай тұр.

Сабырға кеп кішкене,

Әнімізді тыңдай тұр!

Бұлт: Сендер жаңбырдан қорықпайсындар ма?

Балалар: Жоқ!

Бұлт: Аяқтарым су болады деп қорықпайсындар ма?

Балалар: Жоқ

Бұлт: Оой, қандай, батыл баласындар!

Жүргізуші: Бұлт, біздің балалар сенімен ойын ойнағысы келіп тұрған сияқты.

Бұлт: Жарайды, ойнайық.

Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Бұлт: Жарайсындар, балалар, жаңбырдан қалай қорғану керек екенін біледі екенсіңдер!

Жүргізуші: Күз ханшасы, бұлт, біздің әдемі қыздарымыз би билеп беремін дейді.

Би: «Көңілді қолшатырлар»

Күз ханшасы: Жарайсындар,балалар. Маған қонаққа келіп, менің көңілімді көтердіңдер. Сендерге көөп рахмет! Менің де сендерге дайындаған сыйлығым бар. Мына себет толы алмаларды апайларыңа берейін. Топқа барған соң тәтті алма жендер,жарай ма! Сау болыңдар,балалар!

Жүргізуші: Рахмет, Күз ханшасы. Біз сізбен қоштаспаймыз.Далаға серуенге шыққанда сізді күтеміз. Сау болыңыз!

(Балалар паровоз болып залдан шығады)

Құлыншақ тобының «Қош келдің, Алтын күз» атты ертенгілігі



Бп: «Паровоз»



**Береке бак дарыған,
Жомарт көңіл, жарқын жүз.
Сары алтынға малынған,
Жетті міне, алтын күз!**

Бп: «Саңырауқұлақтар»



Ойын: «Күн мен жаңбыр»



Би: «Көңілді қолшатырлар»



Ойын: «Саңырауқулақ пен сәбіз жина»



Балалардың тақпақтары



Би: «Алуан - алуан жапырақтар»

